

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**



***2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА
ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
БАКАЛАВРИАТЫНА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ***

СМЖ ҚЕ 2-3/6

Тараз

<i>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</i>	<i>14 беттің</i>
<i>2025-2026 оқу жылына бакалавриатқа оқуға қабылдау ережесі</i>	<i>2-беті</i>

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӨЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНДІРІЛГЕН: - Қабылдау комиссиясы
- 2 КЕЛІСІЛДІ:
 - Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор, э.ғ.к., профессор Кадырова А.С.
 - Заң басқармасының басшысы Матжанов Е.

<i>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</i>	<i>14 беттің</i>
<i>2025-2026 оқу жылына бакалавриатқа оқуға қабылдау ережесі</i>	<i>3-беті</i>

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Университетке қабылдау рәсімі.....	4
3. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі....	5
4. Университетке қабылдау тәртібі	8

Қосымшалар:

А қосымшасы Өзгерістер тіркеу парағы.....	11
Б қосымшасы Келісу парағы.....	12
В қосымшасы Танысу парағы.....	13
Құжатты әзірлегендер.....	14

<i>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</i>	<i>14 беттің</i>
<i>2025-2026 оқу жылына бакалавриатқа оқуға қабылдау ережесі</i>	<i>4-беті</i>

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетіне (бұдан әрі – Университет немесе ХТУ) оқуға қабылдаудың Ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 11) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген, 2019 жылғы 14 маусымдағы №269, 2020 жылғы 8 маусымдағы №237, 2021 жылғы 24 мамырдағы №241 және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №189, 2023 жылғы 26 қаңтардағы №24, 2024 жылғы 3 мамырдағы №212, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2025 жылғы 8 шілдедегі № 341 бұйрықтарымен өзгерістер енгізілген «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес әзірленген және университетке оқуға қабылдау тәртібін анықтайды.

2. Университетке оқуға қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2. УНИВЕРСИТЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ РӘСІМІ

3. Университетке жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік орта білімі және жоғары кәсіптік білімі бар адамдар қабылданады.

4. Шығармашылық дайындықты талап ететін оқуға түсушілерді қоспағанда, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысуға және Университетке ақылы оқуға ниет білдірген орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері ҰБТ нәтижесі бойынша – кемінде 50 балл, «Педагогикалық ғылымдар», «Құқықтану» білім беру бағдарламалар тобына – кемінде 75 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәні бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл, Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл алуы қажет.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысуға және ақылы оқуға ниет білдірген орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері ҰБТ және шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша – кемінде 85 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәні бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл, Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл алуы қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның нәтижесімен қатыса алады.

<i>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</i>	<i>14 беттің</i>
<i>2025-2026 оқу жылына бакалавриатқа оқуға қабылдау ережесі</i>	<i>5-беті</i>

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысуға өтініштер ағымдағы жылдың 13 -20 шілдесі аралығында қабылданады.

5. Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар ұлтты қазақ адамдар қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына сұхбаттасу нәтижесі бойынша оқуға қабылданады.

Ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары тобы бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін, ақылы оқуға түсетін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша адамдарды қабылдауды ХТУ-дың қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

«Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі немесе жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтарына ақылы негізде қабылдауды университетке қабылдау комиссиясы бір шығармашылық емтихан нысанында жүзеге асырады.

6. Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде университетке оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, жалпы орта білімі бар азаматтарды ақылы негізде ХТУ-ға оқуға қабылдау «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша қоспағанда, күнтізбелік жыл ішінде ХТУ-дың қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жжобқу қабылдау комиссиялары өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша қоспағанда. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

7. Шетел азаматтарын ақылы негізде университетке қабылдау қабылдау комиссиясында құрылған арнайы комиссия өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

3. АРНАУЛЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

8. Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша оқуға қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

<i>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</i>	<i>14 беттің</i>
<i>2025-2026 оқу жылына бакалавриатқа оқуға қабылдау ережесі</i>	<i>6-беті</i>

9. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін университеттің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне комиссия құрылады.

10. Емтихан комиссияның құрамына профессорлық-оқытушылық құрамының қатарынан университет өкілдері, қоғамдық ұйымдардың, масс-медиа өкілдері кіреді. Әрбір шығармашылық емтиханға кем дегенде екі тәуелсіз өкілдің қатысуы қажет.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Емтихан комиссиясы тақ саннан тұрады және емтихан комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен емтихан комиссиясының төрағасы сайланады. Емтихан комиссиясының шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Емтихан комиссиясының шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Емтихан комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.";

11. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу білім бағдарламалары топтары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «31» қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген, 2019 жылғы 14 маусымдағы №269, 2020 жылғы 8 маусымдағы №237, 2021 жылғы 24 мамырдағы №241 және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №189, 2023 жылғы 26 қаңтардағы №24, 2024 жылғы 3 мамырдағы №212, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2025 жылғы 8 шілдедегі № 341 бұйрықтарымен өзгерістер енгізілген «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларындағы» қосымшаға сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсырушы адамдар университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжатын (төлнұсқа);
- 2) 3x4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосуретін;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 4) ҰБТсертификатын (бар болса);
- 5) «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесін (бар болса) тапсырады.

10. Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 10 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 7 шілде мен 15 тамыз аралығында өткізіледі.

11. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

12. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілерден құжат қабылдау және арнаулы емтихан өткізу университетте күнтізбелік жылғы 20 маусымнан –25 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

<i>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</i>	<i>14 беттің</i>
<i>2025-2026 оқу жылына бакалавриатқа оқуға қабылдау ережесі</i>	<i>7-беті</i>

13. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсуші адамдар университетте шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

14. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласына университетке түсуші адамдар қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

15. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайтын кафедралар әзірлейді және университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

16. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

17. Оқуға түсуші арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жекебасын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Бұл ретте арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

18. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

19. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Талапкер, бірінші шығармашылық емтиханда 5 баллдан төмен алса, олар келесі емтиханға жіберілмейді.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларына жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас білім беру бағдарламаларға түсуші техникалық және кәсіптік орта білімі бар және жоғары кәсіптік білімі бар талапкерлер бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас білім беру бағдарламаларға түсуші техникалық және кәсіптік орта білімі бар және жоғары кәсіптік білімі бар түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

20. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары – бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

21. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

22. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша арнаулы емтиханның нәтижелері бойынша сәйкес оқуға түсушіге қабылдайтын ЖОО-ға ұсыну үшін ведомостан үзінді беріледі.

<i>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</i>	<i>14 беттің</i>
<i>2025-2026 оқу жылына бакалавриатқа оқуға қабылдау ережесі</i>	<i>8-беті</i>

Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, ЖОО-ға ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

23. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында ХТУ-дың ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады.

24. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

25. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

26. Жауапты хатшы күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

4. УНИВЕРСИТЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

27. Студенттерді оқуға қабылдауды университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылғы 20 маусым - 25 тамыз аралығында өткізеді.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен білім беру гранты иегерлері, сондай-ақ оқуға ақы төлеуі азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен жүзеге асырылған оқуғатүсушілер тиісті білім бағдарламалары топтарынан білім беру бағдарламасын таңдайды.

Оқуға түсушілер университеттің қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге:

- 1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары кәсіптік білімі туралы құжатын (төлнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;
- 3) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) (бұдан әрі - №907 бұйрық) 075-У нысанындағы медициналық анықтаманы;
- 4) ҰБТ сертификатын;
- 5) ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
- 6) білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті (бар болса) қоса береді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар мынадай құжаттардың бірін:

<i>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</i>	<i>14 беттің</i>
<i>2025-2026 оқу жылына бакалавриатқа оқуға қабылдау ережесі</i>	<i>9-беті</i>

- 1) еңбек кітапшасын;
 - 2) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізімді (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);
 - 3) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтаманы;
 - 4) мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек келісімшартын;
 - 5) еңбек келісімшартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзіндіні;
 - 6) жұмысшыларға жалақы беру ведомосынан үзіндіні қоса береді.
- Осы Ереженің 5-тармағына сәйкес университетке қабылдау үшін адамдар университеттің қабылдау комиссиясына өтінішпен бірге:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатын (төлнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;
- 3) №907 бұйрығымен бекітілген 075-У нысанындағы медициналық анықтаманы;
- 4) ҰБТ сертификатын қоса береді.

28. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы Ереженің 4-тармағында белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша) орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ХТУ-дың күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

ХТУ-да академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін осы тұлғалар жыл бойы ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

29. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік алған адамдар куәлікте көрсетілген ХТУ-ға қабылдау жөнінде өтініш береді және университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студент қатарына қабылданады.

ХТУ-ға Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.»;

30. №204 бұйрықпен белгіленген мерзімде ағымдағы жылы ҰБТ тапсырған және осы Ереженің 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері университеттің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғанға дейін ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер осы Ереженің 28-тармағында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

31. Осы Ереженің 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар университеттің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде ЖОО-на қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты мен уәкілетті адамның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Осы Ереженің 9, 27-тармақтарында белгіленген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушіден құжат қабылдамайды.

32. Университетке қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

<i>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</i>	<i>14 беттің</i>
<i>2025-2026 оқу жылына бакалавриатқа оқуға қабылдау ережесі</i>	<i>10-беті</i>

Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша қабылдау арнаулы емтихан бойынша нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

33. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша), бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ХТУ-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

ХТУ-да жаңа оқу жылы аяқталғанға дейін осы тұлғалар ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

Осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды қайта жинамаған адамдар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша университеттен шығарылуға жатады.

34. № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде ХТУ-ға қабылдау туралы өтініш береді.

35. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде ХТУ-дің студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

36. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

<i>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</i>	<i>14 беттің</i>
<i>2025-2026 оқу жылына бакалавриатқа оқуға қабылдау ережесі</i>	<i>14-беті</i>

Құжатты әзірлеген:

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



М.Байкулов